



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№142
(20616)



19 қыркүйек, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ЖӘРМӨНКЕ

ЕЛ МЕН ЕЛДІ ҚАУЫШТЫРҒАН ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ

Сырдың елі әуелден берекелі ғой. Бір ауыз нұсқалы сөзге басын иіп, бар істі бауырмалдықпен атқару береке емей немене?! Айтқым келгені – ежелден Сыр-Ана суын жағалай қоныс еткен ағайынның бірлігі мен ынтымағы. Еңбекке деген адалдығы. Бұған дейін бір ізгі мақсатты алға қойып, асыра сілтемей, айқын жеңіске жеткен ел биыл да берекенің тайқазанын тасытты. Кетпен шауып, жер қарықтаған диқанның, теңіз сүзіп, қара қайықты қақырата ескен балықшының, ақ адал малының жайылымы мен қысқы шөбін уайым қылған атакәсіп иелерінің, түрлі жемісті көктетіп, көгертіп отырған бағбан жұрттың кешкен бейнеті аз емес.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»



Алысқа бармай-ақ, кейінгі екі-үш жылдың жырын айтсақ та жетіп жатыр. Иә, Сырдария суы азайды. «Алып өзеннің атыз суарар жағдайға жеткені қалай?» деген жауаптылар жыл сайын бұған қарсы түрлі әрекет пен амал істеп жатыр. Түрлі келісім бірде нәтижесін беріп, бірде бермесе де, ең өзекті мәселе – су тапшылығы әзірге елдің сағын сындырып, берекесін қашырған жоқ. Бұның түп негізінде де жоғарыда айтқандай, өзен мен теңіз жағалай тіршілік еткен



жұрттың ауызбіршілігі мен ынтымағы жатыр.

ЖӘРМӨНКЕ НӘМ ЖЫЛ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Расымен солай. Күні кеше ғана Астана қаласына бардық. Ақпараттандыру мақсатында шұғыл аттандық. Біздің міндет – ерен еңбектің насихатын арттыру. Жер несібесін терген, теңіз түбіне тор салған, бау баптап, төрт түлігін

өрістеткендер жайлы айтамыз. Осы кәсіптің ізіне түсіп, өнімін өндірген үлкен шаруа иелері жайлы сөз болмақ. Әлқисса, осы тақырып ба- ссында ел ордасы, Сарыарқаның сәні келіскен қаласы – Астана- да болғанымызды айттық. Дәстүрге айналған шара еді бұл. Облыстағы шаруалар мен тауарөндірушілердің ауыл шаруашылығы өнімдерінің кезекті жәрмеңкесі. Кезекті деуіміздің себебі де сол. Әр қыркүйекте көктем шыға көрген бейнетің жемісін жүк көлігіне

артқандар Астанаға келіп жүр. Бұл жолы да Сырдың түрлі дәмі Сарыарқа жұртына сөзсіз ұнады. Ал біз сонда жүріп, өзінің бақшасынан жақында үзген қарбызын жұртқа сатып жатқан диқан жігіттен тілдескенбіз. Айтпақшы, жер емгендердің бірі – қазалықтар. Сол ауданға қарасты «Майдакөл» ауылының тумасы Медет Аяғанов 2000 шақырым жолды артқа тастап, Астанаға жеткен.

ГАСТРОЛЬ

ҒАСЫРЛАР КӨШІНДЕГІ ҚОҢЫР САРЫН



Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің Сыр өңіріне гастрольдік сапары аясындағы алғашқы концертті облыс орталығындағы Студенттер сарайында өтті. Іс-шараның ашылуында облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова сөз сөйлеп, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізді.

Концерттен бұрын оркестрдің бас дирижері Абылай Тілепберген, шығармашылық жөніндегі орынбасары Алтынбек Ахметов, қобыз тобының концертмейстері Әсел Рақымжан өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте сапар мақсаты туралы айтып берген еді.

Өнер ұжымы Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен Қармақшы, Жаңақорған аудандарында бірнеше күн бойы жұртшылықпен жүздесіп, ата-бабадан аманатқа қалған рухани құндылықтарды ел арасында дәріптейді. – Оркестр белгілі өнер зерттеушісі Ахмет Жұбановтың қолдауымен музыкалық драма техникумы жанынан домбыра ансамблі ретінде құрылған. Содан бергі уақытта құнды қазынамызды көпшілікке кеңінен таныстырып келеді. Өнер ұжымының мерейтойын алдағы жылы кеңінен атап өту жоспарланып отыр. Атаулы шара қарсаңында еліміздің көптеген өңіріндегі өнерсүйер жұртшылықпен жүздесуге мән беріп

отырмыз. Бұдан бұрын Жамбыл облысының тұрғындары оркестрдің концертіне жоғары бағасын берген еді. Бүгін Сыр халқымен жүздесуге арнайы келдік. Бұл қызылордалық көрерменмен тұңғыш жүздесуіміз емес. 2015 жылы сырбойылық көрермен бізге үлкен қолдау, оркестр мүшелері орындаған шығармаларға зор қошеметін білдірді. Араға сегіз жылдай салып, қызылордалық ағайынмен қайта жүздескенімізге қуаныштымыз, – деді оркестрдің бас дирижері.

Өнер ұжымының гастрольдік сапарына Сыр жұртшылығы ерекше қызығушылық танытты. Концерт билеті түгелдей сатылып кеткен.

«СБ» ақпарат

ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Жолдауларында ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп арттыруды тапсырып келеді. Алдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңгеге көтерілетін болды.

СБ Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ ҚАНША БОЛУЫ КЕРЕК?

«Біз бұған дейін үлкен береніміздей, Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіреді. Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруді тапсырамын. Осылайша, біз еңбекақының ең төменгі мөлшерін үш жыл ішінде екі есе көбейттік» деді Президент.

Бұл шара 1 миллион 800 мың адамның жағдайын жақсартуға септігін тигізеді.

Ең төменгі жалақыны көтеру қазақстандықтардың әлеукатына қаншалықты әсер етеді?

Бұл туралы сарапшылар түрлі пікір айтады. Мысалы, елімізде тамызда инфляция өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,1%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 12,4%-ға, азық-түлік емес тауарлар 13,5%-ға, ақылды қызметтер бағасы 13,9%-ға өсті.

Сәйкесінше, ең төменгі жалақыны көтеру инфляцияның өсуіне әкеледі деген алаңдаушылық бар. Жолдаудың орындалу барысын егжей-тегжейлі қарастырсақ, ең төменгі жалақы мөлшерінің өсуі – қалыптасқан процесс.



2-бет

4-бет

ЕГІН – 2023

ШАРУАСЫ ШИРАҚ «БАЙТАБЫН»

Жалағаш ауданына қарасты Бұқарбай батыр ауылындағы «Байтабын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1999 жылы құрылған. Елді еңбекке жұмылдырып, егін шаруашылығымен айналысатын құрылымның ширек ғасырлық тәжірибесі бар. Кезінде ауыл азаматы Сапар Мұханов негізін қалаған серіктестікті 2021 жылдан бастап білікті әрі тәжірибелі маман Болат Ділдабеков басқарып келеді. Шаруашылықтың жалпы жер көлемі 2975 гектар, оның ішінде 2081 гектар жерге егін егілген.

СБ Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Заман талабына бейімделген құрылым жыл сайын техника паркін жаңалап тұрады. Айталық, ауыл шаруашылығы техникаларының саны 75, оның ішінде 17 комбайн, 9 жатқа, 27 трактор, 9 автомашина, 11 трактор тіркемесі және экскаватор, бульдозер бар. Бұдан бөлек, күріш тұқымын сақтайтын 2 қойма, 30 тонналық таразы, техника қоятын ангар салынған. Өнім сапасын арттыру үшін 2018 жылы Германиялық «Леткус» күріш тазарту құрылғысы алынып, бүгінге дейін шаруашылықтың игілігіне жарап тұр.

Серіктестікте 127 адам еңбек етеді. Құрылым мен жұмысшылар арасында еңбек шарты және ұжымдық шарт жасалған. Соның



аясында серіктестік басшылығы жұмысшылардың еңбекақысымен уақытты есептесіп, жыл қорытындысымен қосымша сыйақы тағайындайды. Ал жоғары көрсеткішке жеткен комбайншылар мен жоспарға сай өнім алған сушыларға арнайы жүлделер беріледі. Серіктестік төрағасының айтуынша, қазіргі талап деңгейіне сай егінді әртараптандыру мәселесі басты назарда. Оның ішінде мал азығы – жонышқаға сұраныс өте жоғары. Әсіресе, жерінің жайына қарай мал өсірумен айналысатын Арал, Қазалы аудандары жонышқаға алдын ала тапсырыс беріп отырады екен. Бұдан бөлек, осы шаруашылықтан зейнетке шыққан азаматтардың отбасына жыл сайын 100 прстен тегін

түсіріп береді. Тұрмыс жағдайы төмен отбасылардың отын-суына да шаруашылық тұрақты көмек беріп тұрады. Ауыл мектебіндегі оқушыларды ынталандырып, оқу үздіктеріне қаржылай сыйлықтар беру бастамасы 20 жыл көлемінде дәстүрлі түрде жүзеге асырылып келеді. Сондай-ақ, биыл жазғы демалыс кезінде 16 оқушының лагерлерде тынығуына 35 мың теңгеден қаржы берілген. Ал жаңа оқу жылы қарсаңындағы «Мектепке жол» акциясы аясында 22 оқушының киім-кешегі мен оқу құралдарына қаржылай қолдау көрсетті. Өткен «Балалар жылы» 16 млн теңгеге ойын алаңы салынды.

2-бет

